

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕ АҚ



**«ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ
САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ СТАНДАРТТАРЫ**

Қызылорда, 2020 ж.



БҰЙРЫҚ

«29» желтоқсан 2020 ж./г.

Қызылорда қаласы

ПРИКАЗ


№ 513-а

город Кызылорда

□ Қорқыт Ата атындағы □
ҚУ сапаны ішкі қамтамасыз
ету стандарттарын бекіту туралы
БҰЙЫРАМЫН:

1. «Қорқыт Ата атындағы ҚУ сапаны ішкі қамтамасыз ету стандарттары» осы жылдың 29 желтоқсанында бекітілсін.
2. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау оқу-әдістемелік жұмыстары жөніндегі проректор А.Т.Жүнісовке жүктелсін.
3. Университеттің барлық құрылымдарын осы стандартпен таныстыру құжаттармен қамтамасыз ету және мұрағат бөлімінің бастығы М.Б. Базархановаға жүктелсін.

Басқарма төрағасы-
ректор



Б.С. Каримова

Алғы сөз

1. Жұмыстық топпен ӘЗІРЛЕНДІ.

2. Басқарма Төрағасы-ректордың 2020 жылдың 29 желтоқсандағы № 513-а бұйрығымен ҚАБЫЛДАНДЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ.

Мазмұны

Анықтаулар	5
Кіріспе	6
1.Сапаны қамтамасыз ету қағидалары.....	7
2. Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің моделі.....	8
3. Сапаны қамтамасыз ету жауапкершілігі	9
4. Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің құжаттандырылған ақпараты.....	9
5. Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат.....	9
6.Бағдарламаларды әзірлеу және бекіту.....	10
7.Студентке бағдарландырылған оқыту және сабақ үлгерімін бағалау	13
8.Білім алушыларды оқуға қабылдау, сабақ үлгерімі, тану және сертификатау.....	18
9.Оқытушы –профессорлық құрам	20
10.Оқу ресурстары және білім алушыларға қолдау кәрсету жүйесі.....	23
11.Ақпараттарды басқару	25
12.Қоғамды ақпараттандыру	28
13.Бағдарламаларды тұрақты мониторингтеу және мезгіл-мезгілбағалап отыру.....	29
14. Сапаны мезгіл-мезгіл сыртқы қамтамасыз ету	33

Анықтаулар

Мәтінде келесі анықтаулар қолданылады:

Білім сапасы – бұл білімнің негізгі стейкхолдерлердің саналуан сұраныстарына сәйкес келуі (нәтиже ретінде, процесс ретінде, әлеуметтік жүйе ретінде), оның ішінде білім беру бағдарламасының жоспарланған нәтижелеріне жету деңгейі.

Сапаны қамтамасыз етусапаны–бағдарламаның мазмұны, мүмкіндіктері мен оқыту құралдары бекітілген мақсаттарға сәйкес келетіндей білім беру ортасын құру процесі.

Сапа мәдениеті – құндылықтар, нормалар, мінез-құлық ережелерінің жиынтығы, солар арқылы жоо-да білімнің білім беру процестеріне (оның кірісі мен ресурстарына) және барлық негізгі стейкхолдерлердің нәтижелеріне сай болуының биік деңгейі қамтамасыз етіледі.

Стейкхолдер - университеттегі процестерге барлық қатысушылар, оған қоса білім алушылар мен қызметкерлер, сондай-ақ жұмыс берушілер мен жоо-н серіктестері тәрізді сыртқы мүдделі тараптар.

Кіріспе

Жаһандану процестерінің кеңеюі, Қазақстанның әлемдік білім кеңістігіне ену беталысының дамуы жоо-да білім сапасын жүйелі түрде қамтамасыз ету проблемасына деген ұстанымдарды жетілдіруді талап етеді. Бұл проблеманы шешу жолдарының бірі жоо-ғы білім сапасын қамтамасыз ету жүйесін білім сапасын қамтамасыз етудің еуропалық стандарттарының критерийлеріне сәйкес одан әрі дамыту болып табылады.

Университет сапасын қамтамасыз етудің ішкі жүйесі – бұл сол, университет өзінің түлектеріне сапалы білім беріп, бәсекеге қабілетті болулары үшін жасауы тиіс нәрсенің өзі. Ол тек сабақ беру мен студенттердің білім сапаларын мониторингтеуді ғана емес, университетті тиімді басқаруды, академиялық ұтқырлықты қамтамасыз етуді, еңбек нарығына мамандар даярлаудың жаңа заманауи бағдарламаларын ашуды да т.с.с. қамтиды. Сапаны қамтамасыз етудің дамыған ішкі жүйесінің нақ өзі университетке еңбек нарығының қажеттіліктері мен қоғамның сұранысына икемді жауап беруге көмектеседі.

Бұл жүйе білім сапасын ұлттық және халықаралық деңгейлерде сырттай бағалаудың негізі болады.

1. Сапаны қамтамасыз ету қағидалары

1.1. Университет ұсынылатын білімнің сапасы мен оны қамтамасыз етуге жауап береді.

1.2. Университет сапаны қамтамасыз етудің мынадай негізгі қағидаларын айқындайды:

- сапаны қамтамасыз ету жоғары білім жүйесінің, оқу орындарының, білім беру бағдарламалары мен студенттердің әртүрлілігіне сәйкес келуі;

- қызметтің нормативтік және заңнамалық талаптарға, ESG ұсыныстарына сәйкес келуі;

- университет басшылығының кәшбасшылық ролі стратегия, саясат пен процедуралардың бірлігін қамтамасыз етумен, барлық қызметкерлерді сапаны қамтамасыз ету және арттыру қызметіне тартумен, қажетті ресурстармен қамтамасыз етумен тұжырымдалады;

- сыртқы және ішкі стейкхолдерлердің қажеттіліктері мен болжамдарын есепке алу, оларды білім сапасын қамтамасыз ету мен арттыру қызметіне белсенді тарту;

- білім алушыларға қатысты мүмкіндіктер мен әділдіктің тепе-теңдігін қамтамасыз ету;

- академиялық адалдық пен бостандықты, сыбайлас жемқорлық пен кемсітушіліктің кез келген түріне тәзбеушілікті қолдау;

- процестерге, сапаға және стандарттарға жауапкершілікті айқын белгілеу;

- процестік ұстаным мен тәуекелді-бағдарланған ойлау қағидаларын қолдану;

- мәліметтер мен ақпараттарды жан жақты талдау негізінде маңызды басқарушылық шешімдер қабылдау;

- сапаны қамтамасыз ету және сапа мәдениетін дамыту жүйелерін үздіксіз жетілдіруге жағдайлар жасау;


- ішкі және сыртқы тәуелсіз бақылау қолдану;

- сапаны қамтамасыз ету саясаты мен стандарттарын тұрақты қайта қарауды қамтамасыз ету;

- мүдделі тараптар үшін ақпараттардың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету.

1.3. Сапаны қамтамасыз ету мен арттыру университетпен іске асырылатын барлық білім беру бағдарламаларына қолданылады.

2. Сапаны ішкіқамтамасыз ету жүйесінің моделі



3. Сапаны қамтамасыз ету жауапкершілігі

3.1. Сапаны қамтамасыз ету және арттыру университет басшылығы, институттар, кафедралар мен құрылымдық бөлімшелер арасындағы ортақ жауапкершілік болып табылады.

3.2. Қорқыт Ата атындағы ҚУ КЕ АҚ Басқарма төрағасы - ректор университетке жалпы басшылық жасайды, білім беру бағдарламаларының толық көлемде жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді, университет қызметінің нормативтік және заңнамалық талаптарға сәйкес келуіне жауап береді, жоо-ның құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен әкілеттіктерін белгілейді.

3.3. Университет бөлімшелерінің басшылары өздеріне қарасты бөлімшелердің қызметтерін қызметтік нұсқаулықтар бойынша қамтамасыз етуге жауап береді.

4. Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің құжаттандырылған ақпараты

Университетте университеттің жұмысының барлық жақтарын регламенттейтін тиісті нормативтік-құқықтық база (ұйымдастырушылық, әкімгерлік және нормативтік құжаттар) әзірленген.

5. Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат

5.1. Сапа саласындағы саясат сапаны қамтамасыз ету мен сапаны үздіксіз жетілдіру мәдениетін дамыту бойынша университетте бекітілген жалпы ұстанымдарды, әзекті қағидаттар мен негізгі тетіктерді көрсетеді.

5.2. Сапа саласындағы саясат стратегиялық менеджменттің бір бөлігі болып табылады және басқа құжаттармен: университеттің миссиясы, стратегиялық жоспары, академиялық саясаты, сапаны ішкі қамтамасыз ету стандарттарымен бірге қаралады.

5.3. Сапа саласындағы саясат университеттегі сапаны қамтамасыз етудің тұтастық және сабақтастық жүйесінің негізі болып табылады, ол тұрақты даму циклын білдіреді және жоо-ның барлық жұмыс істеу деңгейлерінде мәдениетті дамытуды қолдайды.

5.4. Сапа саласындағы саясат ғылыми зерттеулер, сабақ беру мен оқыту арасындағы байланысты бейнелейді, ұлттық және жоо-шілік контексті ескереді.

5.5. Сапа саласындағы саясаттың ресми мәртебесі бар және университеттің www.korkyt.kz сайтында жұртшылыққа кеңінен қолжетімді.

5.6. Сапа саласындағы саясат жүзеге асырылады, бақыланады және талаптардың өзгеруіне сәйкес қайта қаралады.

6. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту

Университет білім беру бағдарламаларын әзірлеп, бекіту процедураларын айқындайды. Білім беру бағдарламалары алға қойылған мақсаттарға сай келеді, оның ішінде ішкі және сыртқы стейкхолдерлердің талаптарын ескере отырып, Дублин дескрипторларының негізінде қалыптасқан күтілетін оқыту нәтижелерін қоса алғанда. Білім бағдарламаларын иегру нәтижесінде алынатын академиялық дәреже (немесе біліктілік) айқын белгіленген және жоғары білімнің Еуропалық кеңістігіндегі біліктіліктер шеңберінде жоғары білімдегі ұлттық білім шеңберінің нақты деңгейіне сай келеді.

6.1. Университет білім бағдарламаларын ҚР БҒМ нормативтік-құқықтық актілерінің талаптары, кәсіби стандарттар, университеттің даму стратегиясы мен озық тәжірибе үлгілері негізінде дайындауды қамтамасыз етеді. Бағдарламаларды әзірлеуде университет қамтамасыз етеді:

- білім беру бағдарламаларының университеттің даму стратегиясына сәйкес келуі;

- оқытудың айқын белгіленген күтілетін нәтижелері болуы;

- білім алушылар мен басқа да стейкхолдерлер білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысуы;

- сыртқы сараптама жүргізу және анықтама-ақпараттық ресурстардың болуы;

- білім алушылардың болжамды оқу жүктемесін айқындау;

- білім алушыға іс-тәжірибеден және тағылымдамадан өтуге мүмкіндіктер беру;

- бағдарламаны ресми бекіту процесі.

6.2. Оқытудың жоспарланған нәтижелеріне жету үшін университеттің білім беру бағдарламаларын әзірлеуге жоғары және жоо-дан кейінгі білімді мамандар даярлау бағыттары бойынша Академиялық кеңестер, бітіртуші кафедрлар, үйретуші және стратегиялық серіктестер қатысады.

6.3. Білім беру бағдарламалары мамандар даярлау моделінің құзыреттілік контекстінде әзірленеді және құзыреттілік түрінде білінетін оқыту нәтижелеріне бағдарланған.

6.4. Барлық білім деңгейінің білім беру бағдарламалары модульдік оқыту қағидасы бойынша және оның айрықша сипаттарын, оқыту саласын, оқыту деңгейлерін, нәтижелерін, кәсіби қызметтің негізгі түрлерін білдіретін бейінге сәйкес қалыптастырылады. Білім беру бағдарламаларының әр модулі нақты оқыту нәтижесіне, яғни құзыреттілікке жетуге бағдарланған. Оқыту нәтижелері жалпы білім беру бағдарламасы бойынша, әр модуль мен жеке пән бойынша түзіледі.

6.5. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу процедурасы қамтиды:

1. Бағдарлама мазмұнын кәрсететін білім беру бағдарламасының атауын түзу.

2. Білім беру бағдарламасының мақсатын айқындау.

3. Білім беру бағдарламасының мақсаттарын айқындау.

4. Жұмыс берушілермен келісілген бітіруші атрибуттары негізінде жоспарланған оқыту нәтижелерінің (бұдан әрі - ЖОН) картасы жасалады, онда БББ бойынша ЖОН, ЖОН жетуге ықпал ететін пәндер тізбесі, сабақ беру мен оқыту әдістері, сондай-ақ бағалау технологиялары қамтылады.

5. Оқыту құзыреттері және нәтижелерімен контекстте модульдер, пәндер тізбесі анықталғаннан кейін модульдер мен пәндердің еңбек сийымдылығы анықталады. Осы негізде білім беру бағдарламасының оқу жоспарының жобасы қалыптастырылады.

6. Тиісті құзыреттіліктерді алуға және жетістіктерді (оқыту нәтижелерін) бағалауға қолданылатын әдістер анықталады. Бағалау әдістері құзыреттілікті дамытуға қолданылатын оқыту әдістерімен тығыз байланысты болуы тиіс.

8. Бітіруші кафедра мен Академиялық кеңес стратегиялық серіктестері (жұмыс берушілер) және білім алушылармен бірлесіп келісу процедурасын өткізеді (таныстырылым, дөңгелек үстелдер, семинарлар және т.б. арқылы). Оң шешім қабылданған жағдайда аяқталу бағыттары бойынша Академиялық кеңес университеттің Ғылыми кеңесіне бекітуге БББ-н ұсынады.

9. БББ университеттің Ғылыми кеңесінің оң шешімі негізінде ректормен бекітіледі. Түпнұсқалары кафедрада, бакалавриат БББ-ң электронды нұсқасын оқу процесін жоспарлау және академиялық ұтқырлық бөлімі, магистратура мен докторантура БББ-н – жоо кейінгі білім беру бөлімі университет сайтында орналастырады.

10. БББ бойынша алынған нәтижелер жылда талдаудан өтеді, сұранысқа ие құзыреттіліктерді қалыптастыратын жаңа компоненттер енгізу туралы ұсынымдар әзірленеді.

11. БББ түзету қажеттікке қарай, білім саласындағы нормативтік-құқықтық актілердегі өзгертулер мен толықтыруларға, жұмыс берушілердің сұраныстары мен еңбек нарығының қажеттіліктерінің өзгеруіне сәйкес жасалады.

12. БББ сапасы БББ әзірлеушілердің тұтынушылармен (білім алушылармен) және жұмыс берушілермен сауалнама және сұхбат жүргізу арқылы кері байланысымен айқындалады.

6.6. Барлық келісу мен бекіту, сарапшылардың қорытындыларын, пікірлерін, рецензияларын алу сатыларынан өткеннен кейін білім беру бағдарламасы сараптама жасау үшін ҚР БББ Реестріне енгізіледі. Мақұлданған жағдайда оқу процесіне енгізіледі.

6.7. Білім беру бағдарламасының әдістемелік мазмұны элективті пәндер каталогын, пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендерді, БӘЖ(СРО) өткізу жөнінде әдістемелік ұсынымдарды, зертханалық сабақтар, силлабустар өткізуге арналған әдістемелік ұсынымдарды, т.б. қамтиды.

6.8. Білім беру бағдарламасының мақсаттары университеттің даму стратегиясына сәйкес келуіне білім беру бағдарламаларын дамыту жоспарларын әзірлеу арқылы қол жеткізіледі.

6.9. Студенттің оқу жүктемесін анықтау кезінде оқу жылы екі академиялық кезеңнен тұратыны ескеріледі, оның түрлері - (семестр – 15 апта), аралық

аттестаттау, іс-тәжірибелер, каникулдар кезеңдері, қорытынды аттестаттау кезеңі (бітіруші курста).

6.10. Білім алушының оқытушымен байланыста жұмыс істеу және барлық оқу қызметі түрлері бойынша БӘЖ арасындағы уақыттың арақатынасы университеттің оқытушы-профессор құрамының оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарының көлемін есептеуге үшін бекітілген уақыт нормаларымен айқындалады. Бұл ретте аудиториялық жұмыс көлемі әр пәннің көлемінің кемінде 30% құрайды.

6.11. Теориялық оқыту мен аралық аттестаттауды жоспарлау кредиттердің бірыңғай көлемімен жүргізіледі, яғни, әр пәнге кредиттердің жалпы саны оны оқуды да, осы пән бойынша аралық аттестаттау түрлерін дайындап, өткізуді де қамтиды. Әр оқу пәні бір академиялық кезеңде оқылып, қортынды бақылаумен аяқталады.

6.12. Оқу жұмысының көлемін жоспарлау кезінде оның барлық түрі үшін бір академиялық кредит 30 академиялық сағатқа тең екеніне қарайды. Барлық оқу жұмысының түрлері бойынша бір академиялық сағат 50 минутқа тең.

6.13. Барлық деңгейлердегі білім бағдарламаларын жүзеге асыру шеңберінде университет білім алушылардың кәсіби іс-тәжіриден өтуін қамтамасыз етеді.

Магистратураның білім беру бағдарламалары білім алушылардың сәйкес салалардың ғылыми ұйымдары мен (немесе) сәйкес қызмет салаларындағы ұйымдардағылыми тағылымдамадан өтуін қарастырады.

Докторантураның білім беру бағдарламалары білім алушылардың сәйкес салалардың ғылыми ұйымдары мен (немесе) сәйкес қызмет салаларындағы ұйымдарда, оның ішінде шетелдердеғылыми тағылымдамадан өтуін қарастырады.

6.14. Студенттердің іс-тәжірибе өту кезіндегі жүктемесі де кредиттермен көрсетіледі. Барлық іс-тәжірибе түрінің бір академиялық сағаты 50 минутқа тең. Іс-тәжірибелердің ұзақтығы студенттің апта ішіндегі жұмысының 30 сағатқа тең нормативтік уақытынан шыға отырып анықталады (5 күндік жұмыс аптасында күніне 6 сағат).

6.15. Білім алушылардың жүктемесі аптасына 57 сағаттан аспайды («Дене тәрбиесі» пәнін есепке алмағанда).

6.16. Бакалавриат бағдарламалары бойынша оқудың аяқталғандығының негізгі критерийі барлық оқу кезеңінде білім алушымен кемінде 240 академиялық кредит игеруі болып табылады, оның ішінде студенттің оқу қызметінің барлық түрін қоса алғанда.

6.17. Магистратура бағдарламалары бойынша оқудың аяқталғандығының негізгі критерийі білім алушымен игеру болып табылады:

1) ғылыми-педагогикалық магистратурада барлық оқу кезеңінде кемінде 120 академиялық кредит игеру, оның ішінде магистранттың оқу және ғылыми қызметінің барлық түрін қоса алғанда;

2) бейінді магистратурада 60 академиялық кредит, 1 жыл оқу мерзімімен және 90 академиялық кредит 1,5 жыл оқу мерзімімен.

6.18. Философия докторын (PhD) (бейіндік доктор) даярлаудың білім беру процесі аяқталғандығының негізгі критерийі докторанттың кемінде 180 академиялық кредит игеруі, оның ішінде оқу және ғылыми қызметінің барлық түрін қоса алғанда.

6.19. Білім алушылардың академиялық ұтқырлығын қамтамасыз ету және білім бағдарламаларын еуропалық білім кеңістігінде тану үшін университет қазақстандық кредиттерді ECTS кредиттеріне ауыстыруды қамтамасыз етеді.

6.20. Университет білім алушының бағдарламаны игеру процесінде білімін бағалай отырып, білім траекторияларын қалыптастырудың айқын регламенттелген процедуралары, академиялық жетістіктерді ескеру және келесі курсқа көшіру арқылы кедергісіз үнемі ілгерілеуін қамтамасыз етеді.

6.21. Білім бағдарламасын игеру нәтижесінде алынатын біліктілік жоғары білімдегі біліктіліктің Ұлттық шеңберінің нақты деңгейіне, содан келіп Еуропалық жоғары білім кеңістігіндегі біліктілік шеңберіне сәйкес айқын белгіленген:

- біліктілік деңгейі 6 – бакалавриат;
- біліктілік деңгейі 7 – магистратура;
- біліктілік деңгейі 8 – докторантура PhD.

6.22. Университет жоғары және жоо кейінгі білімнің МЖБС сәйкес дәреже тағайындайды.

7. Студентке бағдарланған оқыту және сабақ үлгерімін бағалау

Университет білім бағдарламаларына студентке бағдарланған оқыту процесін енгізеді: икемді оқыту траекторияларын жасауды қамтамасыз етеді; білім алушылардың оқу процесіне тартылуы мен мотивациясын көтеруге жағдай жасайды; оқу нәтижелерін бағалаудың рет-реттілігі мен объективтілігін қамтамасыз етеді.

7.1. Университет білім алушылардың автономиясын дамытуға жағдай жасайды:

- білім алушыларға түсінікті мақсаттар мен күтілетін оқыту нәтижелерін қалыптастыру;
- белсенді оқыту әдістерін енгізу;
- тұлғалық-бағдарланған ұстанымдарды дамыту;
- дербес оқыту траекториясын қалыптастыру;
- білім алушыларды білім бағдарламаларын әзірлеуге тарту;
- білім алушылардың өзіндік жұмыстарының ролін күшейту;
- оқытуда зерттеушілік ұстанымдарды қолдану;
- білім алушыларға оқытушылар тарапынан оң қарым-қатынас қалыптастыру;
- студенттік өзін-өзі басқару ролін күшейту;
- оқытуға қолайлы жағдайлар жасау.

7.2. Университетбілім алушыларға дербес білім траекториясын таңдауға жағдай жасайды, ол мыналарды қамтиды:

- оқыту тілін, оқу түрін (күндізгі, қашықтықтан), элективті пәндерді, оқытушыларды таңдау мүмкіндігін;
- таңдау пәндерін электронды тіркеуге алу;
- дербес оқу жоспарын қалыптастыру;
- пәнді қайталап немесе қосымша оқу үшін қосымша семестр ұйымдастыру;
- қашықтықтан оқыту технологияларымен оқу мүмкіндігі.

7.3. Білім алушыларды пәндерді оқуға жазу процедурасын Оқу процесін тіркеуші офисі ұйымдастырады.

7.4. Оқу пәндеріне тіркеу бірінші курстың білім алушылары үшін 30 тамызға дейін жүргізіледі, екінші және жоғарғы курстардың білім алушылары үшін – академиялық күнтізбеге сәйкес.

7.5. Білім траекториясын өз бетінше таңдау үшін университет білім алушыларға барлық қажетті ақпараттарды ұсынады: ҚР білім деңгейлеріне сәйкес келетін мемлекеттік жалпыға бірдей білім стандарты, мамандықтың типтік оқу жоспары, элективті пәндер каталогы, білім беру бағдарламалары, білім алушыларды пәндер мен оқытушыларға тіркеу ережелері.

7.6. Білім алушыны пәндерге тіркеу және дербес оқу жоспарын қалыптастыру қамтиды:

- білім алушыны оқу процесін кредиттік оқыту технологиясы бойынша ұйымдастыру ережелерімен таныстыру;
- білім алушыны білім траекторияларымен таныстыру;
- білім алушыны элективті пәндердің тізбесімен, мазмұнымен және оларды оқу реттілігімен таныстыру;
- таңдалған білім траекториясын игеру үшін оқу жылына белгіленген кредиттер санынан кем емес көлемде пәндерге жазу;
- оқу пәндеріне тіркеу мен қайта тіркеудің белгіленген мерзімдерін қадағалау.

7.7. Білім алушылар жекелеген пәндерді басқа білім ұйымдарында, оның ішінде шетелде де оқи алады.

7.8. Білім алушы тиісті деңгейдегі білім бағдарламасын игеру үшін белгіленген кредиттерге қарағанда аз санмен ақылы негізде өзінің дербес оқу жоспарын қалыптастыра алады, бұл ретте оқыту мерзімі ұлғаяды.

7.9. Дербес оқу жоспарын институт директорыекі данада бекітеді: біреуі кафедрада сақталып, ол білім алушының оқу бағдарламасын орындауы мен игеруіне бақылау жүргізуге негіз болады, екіншісі білім алушыға беріледі.

7.10. Білім алушылардың өзіндік жұмыстарының ролі мен мотивациясын күшейту мыналардың есебінен қамтамасыз етіледі:

- өзіндік жұмыстарға арналған сағаттар көлемін ұлғайту;
- білімдерді игерудің белсенді әдістеріне бағдарлану;
- білім алушылардың шығармашылық қызметке, оқу пәндерінен олимпиадаларға, ғылыми-зерттеушілік немесе қолданбалы жұмыстар конкурстарына қатысуына жағдай жасау;

-білімді бағалаудың мотивациялық факторларын қолдану (жинақтаушы бағалар, рейтинг, тесттер, стандарттан тыс емтихан процедуралары);

- студенттерді оқудағы және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін кәтермелеу (стипендиялар, сыйақы беру);

-аудиторияда да, одан тыс та орындалатын тапсырмаларды дербестендіру, оларды үнемі жаңартып отыру;

-білім алушылардың өзіндік жұмыстар орындау кестелері мен бағалау критерийлерін, мазмұнын жариялау.

7.11. Білім беру бағдарламалары білім алушыларды оқу процесіне белсенді тартуға бағытталған заманауи және тиімді оқыту әдістерін қолдану және білім процесінің нәтижелері үшін оның өз бетіндігі мен жауапкершілігін арттыру арқылы жүзеге асырылады. Мұндай әдістердің қатарына проблемалық лекция, кейс әдіс, проблеманы шешу әдісі, жобалар сияқты әдістер жатады, бұлар студенттің жеке тұлғасын оның әлеуетін ашып, іске асыру үшін белсенді ұстанымға енгізуге, шығармашылық оқу-тәрбие ортасын жасауға мүмкіндік береді, сондай-ақ болашақ маманның кәсіби қасиеттерін қалыптастыруға оперативті әсер етуге ықпал етеді.

7.12. Педагогикалық әдістерді бағалау мен түзету ашық сабақтар ұйымдастыру, өзара сабақтарға, әдістемелік секциялар мен семинарлар, ғылыми-әдістемелік кеңестер жұмыстарына қатысу, шеберлік-кластарын өткізу шеңберінде өткізіледі.

7.13. Білім алушы мен оқытушының өзара сыйластық мәселесі Академиялық адалдық кодексімен, Оқытушылар мен қызметкерлердің корпоративтік абырой және әдеп кодексімен, Білім алушылардың ар-намыс кодексімен белгіленген қағидалармен және құндылық-әдептілік нормаларымен реттеледі.

7.14. Оқытушылар мен қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде директорлар, құрылымдық бөлімшелердің басшылары Академиялық адалдық кодексімен, Оқытушылар мен қызметкерлердің корпоративтік абырой және әдеп кодексімен таныстыруды қамтамасыз етеді.

7.15. Эдвайзер-тәлімгер білім алушыларды бірінші курсқа қабылдаған кезде Университеттің білім алушыларына арналған Анықтама-жолкөрсеткішпен және Білім алушылардың ар-намыс кодексіментаныстыруды қамтамасыз етеді.

7.16. Білім алушылардың болашақ қызметі үшін сабақ үлгерімін бағалаудың маңыздылығын назарға ала отырып, барлық бақылау түрлерін бағалау әдістері оқу басталғанға дейін жұмыстық бағдарламаларда (силлабустарда) және пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінде жарияланады.

7.17. Білім алушыларды білімдерін бағалау үшін балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі қолданылады және ECTS бағасына ауыстыру ережесі жұмыс істейді:

Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін есептеудің балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі, оларды дәстүрлі бағалар шкаласына және ECTS ауыстыру арқылы

Әріптік жүйемен бағалау	Цифрлық эквиваленті	Балдар (%-дықмазмұн)	Дәстүрлі жүйемен бағалау
A	4,0	95-100	Үздік
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

7.18. Білімді бағалау белгіленген процедураларға сәйкес жүргізіледі және ағымды, аралық бақылауларды, аралық және қорытынды аттестаттауды қамтиды:

-ағымды бақылау академиялық кезең ішінде пәндер силлабусында көрсетілген кестеге сәйкес, студенттердің оқудағы жетістіктерін тексеруді. Ағымды бақылау оқу пәнінің әр тақырыбы бойынша аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда өткізіледі. Білім алушылардың оқудағы жетістіктері әрбір орындалған тапсырма бойынша 100-балдық шкаламен бағаланады. Ағымды бақылаудың түпкілікті нәтижесі академиялық кезең ішінде алынған барлық бағалардың орташа арифметикалық қосындысын есептеумен жүргізіледі.

-аралық бақылау бір академиялық кезең ішінде екі рет бір оқу пәнінің бөлімі (модулі) аяқталу бойына теориялық оқудың 8-ші және 15-ші апталарында өткізіледі. Аралық бақылауды өткізу түрін оқытушы белгілейді. Рұқсат ету рейтингісінің бағасы жинақтаушы сипатта жүреді және сабақ үлгерімінің аралық бақылау бағалары мен аралық бақылау бағаларынан құралады. Семестрлік қосынды рейтингтік балдың 50%-нан кем жинаған студент емтихан сессиясына жіберілмейді.

-аралық аттестаттау білім алушының емтихан сессиясы кезінде бір оқу пәнінің барлық кәлемін немесе бір бөлімін оқуды аяқтағаннан кейін оның мазмұнын игеру сапасын бағалау мақсатында өткізіледі. Университетте аралық аттестаттау өткізудің негізгі түрлері болып табылады: ауызша емтихан, компьютерлік тестілеу. Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін емтиханда бағалау 0-ден 100-ге дейінгі балдармен анықталады. Пән бойынша қорытынды баға рұқсат ету рейтингісінің 60%-нан және емтихан нәтижелерінің 40%-нан құралады.

-қорытынды аттестаттау білім бағдарламасы бойынша мемлекеттік емтихан тапсыру және диплом жұмысын немесе диплом жобасын қорғау түрінде өткізіледі. Диплом жұмысын (жобасын) қорғаудың орнына білім бағдарламасының бейінді пәндерінен екі мемлекеттік емтихан тапсыруға рұқсат етіледі. Кешенді емтихан бағдарламасы білім беру бағдарламасына сәйкес еңбек нарығының талаптарына жауап беретін өзекті құзыреттіліктер мен интеграцияланған білімді көрсетеді.

7.19. Университет ақылы негізде қосымша семестр кезінде ақылы негізде академиялық қарызды, академиялық айырмашылықты жоюға, оқу пәндерін қайталап немесе қосымша оқуға және кредиттер игеруге мүмкіндік береді. Қосымша семестр жазғы каникул кезінде өткізіледі.

7.20. Білім алушылардың оқу нәтижелерінен күтілетін жетістіктерін бағалаудың объективтілігі келесі тетіктер есебінен қамтамасыз етіледі:

-бағалау материалдары бітіртуші кафедрада алдын ала сараптамадан өтеді;
- компьютерлік тестілеу немесе жазбаша-ауызша түрдегі емтихандар пән оқытушыларымен қабылданады, курстық жұмыстар мен жобаларды кафедра құратын комиссиялар қабылдайды;

-академиялық құрам тестілеу және білімді тексеру әдістерін игерген және осы саладағы өз құзыреттіліктерін арттырып отырады;

-білімді бағалау нәтижелері электронды жүйелерде тіркеліп, бағалау өткізу күні білім алушыларға қолжетімді болады;

-оқытушылар мен білім алушылар арасында академиялық сабақ үлгерімі мәселелері бойынша үнемі кері байланыс қамтамасыз етіледі;

-білімді бағалаудың барлық түрлері үшін апелляция процедурасы, сондай-ақ аралық бақылаулардан өтудің және дәлелді себептері болса емтихан сессиясын ұзартудың қосымша мүмкіндіктері қарастырылған.

7.21. Университет білім алушылардың шағымдарын қоғамдық комиссия (сынақ-емтихан сессиясы уақытында), эдвайзер-тәлімгерлер, бітіртуші кафедра, институт, оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор, ректор деңгейінде қарау жүйесі болуын қамтамасыз етеді. Шағымдар мен наразылықтарды қарау ректорға, ректор блогына пошта арқылы, ректор мен проректорлардың белгіленген қабылдау сағаттары арқылы жүзеге асырылады.

8. Білім алушыларды оқуға қабылдау, сабақ үлгерімі, тану және сертификаттау

Университет білім алушыларды оқуға қабылдау мен бітіртіп шығару процедурасын, оқыту нәтижелерінің мониторингін, жоғары білімнің біліктілігін объективті тануды, оқыту мен алдыңғы білім кезеңдерін айқындайды, жариялайды және рет-ретімен қолданады. Университет оқуын аяқтаған білім алушыларды алынған біліктілігін растайтын мемлекеттік үлгідегі дипломмен және оның қосымшасымен қамтамасыз етеді.

8.1. Университетке оқуға қабылдау жоғары және жоо кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын ҚР білім ұйымдарына оқуға қабылдаудың типтік ережелеріне сәйкес жүргізіледі. Оқуға қабылдау критерийлері мен процедурасы бойынша ақпараттар университетсайтында орналастырылады.

8.1.1. Бакалавриаттың білім бағдарламасына оқуға түсу үшін орта мектепті бітіргені, техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі немесе жоғары білімі туралы құжат болуы қажет.

Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім грантын тағайындау конкурсына қатысу және (немесе) ақылы негізде оқуға қабылдану үшін қысқартылған оқу мерзімін кездейтін, жоғары білімнің түбірлес бағыттары бойынша мамандар даярлауға түсетіндер бәлек, орта, техникалық және кәсіптік немесе ортадан кейінгі білімі барларға, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижелерінде келесідей балл жинағандарға рұқсат етіледі:

- кемінде 50 балл, ал «Педагогикалық ғылымдар» саласы үшін – кемінде 70 балл.

Бұл ретте ҰБТ-ның әр пәні және (немесе) шығармашылық емтихан бойынша кемінде 5 балл жинау қажет.

8.1.2. Магистратураның білім бағдарламасына оқуға түсу үшін жоғары білімі туралы құжаты, шетел тілінен тест тапсырғаны туралы сертификаты (болса) болуы қажет.

Магистратураға қабылдау кешенді тестілеу нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүргізіледі.

8.1.3. Докторантураның білім бағдарламасына оқуға түсу үшін жоо кейінгі білім туралы құжат, шетел тілін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреттіліктеріне (стандарттарына) сәйкес шетел тілін меңгеруін растайтын Халықаралық сертификат болуы, жоспарланған диссертациялық зерттеудің отандық немесе шетелдік болжамды ғылыми кеңесшісімен келісілген негіздемесі болуы, сондай-ақ мамандығы бойынша кемінде бір жыл еңбек әтілі болуы қажет.

Докторантураға оқуға қабылдау түсу емтиханының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүргізіледі.

8.2. Университет оқуға қабылданған білім алушыларды академиялық кезең басында ректормен, деканмен, эдвайзер-тәлімгермен міндетті түрде кездесу

өткізу аясында білім бағдарламаларымен, оқу шарттарымен және академиялық мансаптың іс жүзіндегі мүмкіндіктерімен таныстыруды қамтамасыз етеді.

8.3. Университет білім процесінің барлық негізгі кезеңдерін регламенттейтін Ішкі нормативтік құжаттар реестрін әзірлеп, ұстап отырады.

8.4. Білім алушылардың академиялық жетістіктері туралы ақпараттарды жинау және мониторингтеу ішкі нормативтік құжаттармен регламенттелген, оқу процесін басқару бойынша ақпараттық-талдамалы кешен арқылы жүргізіліп, мыналарды қамтиды:

- ағымды сабақ үлгерімін жинау және мониторингтеу;
- аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелерін жинау және мониторингтеу;
- GPA деңгей бойынша саралау;
- бітірушілердің еңбекке орналасу нәтижелерін және қызметтік өсуі туралы ақпараттарды жинау және мониторингтеу;
- студенттер мен жұмыс берушілердің оқу сапасына қанағаттанушылығын мониторингтеу.

Мониторинг нәтижелері негізінде келесі іс-қимылдар ішкі нормативтік ережелермен айқындалған.

8.5. Корпоративтік мәдениетті білім алушылармен қолдау бекітілген ішкі еңбек тәртібі ережелерімен және Білім алушылардың ар-намыс кодексінің ережелерімен қамтамасыз етіледі.

8.6. Университетте оқуға ақы төлеуге жеңілдіктер беру Бакалавриат мен магистратурада білім алушыларға ішкі гранттар мен жеңілдіктер беру тәртібі туралы ереже негізінде жүргізіледі. Ережеде ішкі грантты алуға үміткерлерге қойылатын талаптар мен берілетін жеңілдіктер көлемі айқындалған.

8.7. Жоғары білімнің біліктілігін, оқу кезеңдері мен алдыңғы білімді объективті тану, оған қоса формалды емес білімді тану кепілдігі үшін университет:

- Тану туралы Лиссабон конвенциясының іс-әрекетіне сәйкес келуді қамтамасыз етеді;

- ҚР-да тану және нострификация процедурасы бойынша атқарушы орган болып табылатын Болон процесі мені және ҚР БҒМ академиялық ұтқырлық Орталығымен ынтымақтастық жасайды.

8.8. Қазақстандық басқа немесе шетелдік оқу орындарында алынған біліктілікті тану бекітілген Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде білім алушыларды оқуға ауыстыру және қайта қабылдау ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

8.9. Білім бағдарламасы бойынша оқуын аяқтаған білім алушыға тиісті дәреже және мемлекеттік үлгідегі диплом қосымшасымен (транскрипт), сондай-ақ дипломға Еуропалық қосымша (European Diploma Supplement) беріледі. Құжаттар оқытудың қол жеткізілген нәтижелері, алынған білімнің контексті, мазмұны, мәртебесі туралы, оның аяқталғанын дәлелдейтін ақпараттарды қамтиды.

8.10. Оқуға қабылдау, бағалау, тану және бітіртіп шығарудың барлық процедуралары өзекті жағдайда ұсталынады және білім алушыларға университет сайтында қолжетімді болады.

9. Оқытушы- профессор құрамы

Оқытушы білім алушыларды сапалы оқыту мен білім, икемділіктер, дағдылар мен құзыреттіліктер алуын қамтамасыз етуде өзекті тұлға болып табылады. Университет меритократия қағидаттарына сәйкес барлық қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, кәсіби өсуі мен дамуының ашық процедураларын айқындайды, жариялайды және қолданады.

9.1. Университет өз қызметкерлерінің сапасына және олардың тиімді жұмыс істеуіне қолайлы жағдайлар жасауға негізгі жауапкершілік алады.

9.2. ОПҚ мен қызметкерлерді дамыту мақсаттарында университет персоналмен жұмыс істеу саласындағы озық тәжірибені ескере отырып, кадрлық басқару ұстанымдарын, әдістері мен құралдарын біріктіретін және университеттің персоналды басқару саласындағы құндылықтар жүйесі мен бірыңғай ұстанымын қалыптастыратын Кадрлық саясат жасауды қамтамасыз етеді. Оқытушылардың әлеуетін дамытуға арналған университеттің қызметі студентке бағдарланған оқытуға кәште сәйкес оның ролін өзгертуге бағытталған.

9.3. Университет Кадрлық саясаттың келесі негізгі қағидаттарын айқындайды:

- заңдылық;
- меритократия;
- сабақтастық;
- жариялылық.

9.4. Университет оқытудың маңыздылығын мойындай отырып, меритократия қағидаттарына сәйкес қызметкерлерді жұмысқа қабылдаудың, қызметке тағайындаудың, бос қызмет орнына орналасудың, қызметте жоғарылаудың, босатудың айқын, мәлдір және объективті критерийлерін әзірлейді және өз қызметінде оларды басшылыққа алады.

9.5. Академиялық кадрларға қажеттілік және сапа сандық білім беру қызметіне мемлекетпен қойылатын біліктілік талаптарымен айқындалады.

9.6. Оқытушы-профессорлық құрамды қызметке қабылдау конкурстық негізде жүргізіледі. Оқытушы-профессорлық құрам мен ғылыми қызметкерлердің бос қызмет орны бар екені және конкурс өткізу туралы ақпарат құжаттар қабылдау аяқталғанға дейін кемінде күнтізбелік он төрт күн бұрын Қазақстан Республикасының мерзімді баспасөз беттерінде және университеттің ресми сайтында орналастырылады. Ақпарат бос қызмет орнының атауын және тәжірибе мен біліктілікке қойылатын талаптарды қамтиды.

9.7. Бос қызмет орнына арналған әтініштерді қарауды әкімшілік-басқару персоналы мен оқытушы-профессор құрамынан құрылған конкурстық комиссия жүргізеді. Комиссия жұмысының нәтижелері бойынша еңбек келісімшартын жасау мүмкіндігі туралы Басқарма Тәрағасы-ректорға ұсыныс дайындалады.

9.8. Университет оқытушы-профессор құрамына жыл сайынғы біліктілік жоғарылату жоспарын әзірлеп, қызметтік әсу және кәсіби әрлеу мүмкіндіктерін ұсынып, іске асыруды қамтамасыз етеді. Университет ОПК үшін бес жылда бір рет міндетті біліктілік жоғарылатуды қамтамасыз етеді.

9.9. Дарынды және білікті қызметкерлерді дамыту, сақтау және алға жылжыту мақсатында университет кадрлық резерв жүйесін құрып, қолдау жасап отырады.

9.10. Жеке еңбек дауларын объективті қарау үшін университетте келісім комиссиясы құрылған.

9.11. Білім мен ғылыми зерттеулер арасындағы байланысты нығайту үшін университет академиялық құрамның ғылыми қызметін мынадай жолдармен кәтермелеп отырады:

- ғылыми мектептер мен ұжымдарды құру және жұмыс істеуі;
- ғылыми қызметті мотивациялау және ғылыми жаңалықтар туралы үнемі хабарлап отыру жүйесін енгізу;
- ғылыми зерттеулердің нәтижелерін коммерциаландыруға ықпал ету;
- халықаралық мәліметтер базаларын, электронды ғылыми журналдарды пайдалану мүмкіндіктерін беру;
- ғылыми алаңқайларда ғылыми ұстанымдарды ұсынуға, оның ішінде ғылыми конференциялар мен конкурстарға қатысуға, журналдарда жариялануға ықпал ету;
- ғылыми-зерттеу қызметтерінің нәтижелілігін жоспарлау және мониторингтеу.

9.12. Университет инновациялық оқыту әдістерін енгізуге және озық оқыту технологияларын пайдалануға жағдай жасайды:

- оқытушылардың инновациялық әдістер мен технологиялар саласындағы біліктіліктерін қазақстандық және шетелдік ұйымдарда арттыруды қамтамасыз ету;
- семинарлар мен шеберлік-кластары аясында жаңа әдістер мен технологияларды енгізу тәжірибесін тарату;
- оқу процесін заманауи жабдықтармен және бағдарламалық қамтамасыз етумен жарақтандыру;
- ОПК бағалаудың рейтингтік жүйесіне инновациялық әдістер мен технологияларды енгізу кәрсеткіштерін қосу;
- инновацияларды қолдану мен оқытудың белсенді әдістерін пайдаланудың нәтижелілігі мен тиімділігін мониторингтеу.

9.13. Кәсіби қызметті, ғылыми-педагогикалық персоналдардың мотивацияларын бағалау үшін университетте тиімділіктің әзекті кәрсеткіштері (KPI) бойынша оқытушы-профессор құрамының, директорлар мен

кафедраменгерушілерінің рейтингтері енгізілген, жыл сайынғы жоспарлы аттестаттау өткізіледі.

10. Оқу ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйелері.

Университет мақсаттарға жеткілікті, қолжетімді және сай келетіні оқу ресурстары мен білім алушыларды қолдау қызметтерінің болуын қамтамасыз етеді. Оқу ресурстарын бөлу, жоспарлау және қамтамасыз ету кезінде университет білім алушылардың түрлі топтарының қажеттіліктерін ескереді.

10.1. Университеттің инфрақұрылымы 10 оқу ғимараты, 5 студенттік жатақхана, Студенттер сарайы, 7 студенттік асханалар, «Сейхун» спорттық-сауықтыру кешені, әскери кафедраның аймақтық оқу-тактикалық полигоны, 3 электронды және 5 оқу залы бар ғылыми-техникалық кітапханадан тұратын дамыған инфрақұрылымы бар заманауи материалдық-техникалық базаны білдіреді.

10.2. Білім алушыларға академиялық қолдау көрсетуді қабылдау комиссиясы, оқу процесін тіркеуші офис, білім беру бағдарламаларын басқару бөлімі, оқу процесін жоспарлау бөлімі, жоо кейінгі білім беру бөлімі, кітапханалар қамтамасыз етеді.

10.3. Білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсетуді тәрбие жұмыстары және жастар саясаты басқармасы, жастар ісі жөніндегі комитет, спорт секциялары, медпункт, студенттік театр, жастар бірлестіктері қамтамасыз етеді.

10.4. Әрбір білім алушы барлық оқу кезеңі бойына келесі ақпараттық білім ресурстарына дербес шексіз қолжетімділікпен қамтамасыз етілген:

- Университеттің ресми сайты;
- «Platonus» оқу процесін автоматтандырылған басқару жүйесі;
- Ғылыми кітапхана;
- Электронды кітапхана;
- «E-UNIVER» электронды порталы.

10.5. Барлық білім алушылар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде оқу, әдістемелік және ғылыми әдебиеттерді, сондай-ақ шетелдік және отандық басылымдарды қамтитын кітапхананың кітап қорына қолжетімділікпен қамтамасыз етіледі. Кітапханаға ақпараттық қолдау көрсету университеттің ресми сайтындағы «Электронды кітапхана» бөлімінде «E-UNIVER» электронды порталында жүргізіледі.

10.6. Студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру үшін университет университет оқытушыларының әдістемелік әзірленімдерін (бейнелекциялар, электронды оқулықтар, электронды басылымдар), сұранысы жоғары әдебиеттерді, кәптілді оқытуға арналған әдебиеттерді қамтитын Электронды кітапхананы қалыптастырып, қолдау жасайды. Электронды кітапхананың ресурстарына қашықтан қолжеткізу тәулік бойы қамтамасыз етіледі.

Кітапханың Web-сайты <http://www.korkyt.kz/ntb/> білім алушылармен қызметкерлердің білім қызметінің тиімділігін арттыру үшін ақпараттық ресурстарға, оның ішінде электронды кітапхана, электронды каталог пен

толықмәтінді ресурстарға қол жеткізуін қамтамасыз етеді. Тағы, кітапхана сайтында пайдаланушылар анықтама-библиографиялық бәлімнің материалдарымен (қызметкерлерге жіктемелі қызмет кәрсету, биобиблиографиялық кәрсеткіштер, ай сайынғы жаңа түсімдер тізімі), университеттің ОПК ғылыми еңбектерімен және жаңадан түскен ғылыми және оқу әдебиеттерімен танысу мүмкіндіктеріне ие. Университеттің ОПК, ғылыми қызметкерлері және білім алушылары үшін электронды каталогтеоқу және білім бағдарламаларының, авторефераттардың электронды нұсқалары берілген. Электронды кітапхананы одан әрі дамыту үшін «МегаПро» автоматтандырылған интеграцияланған кітапхана алынды.

Пайдаланушылар кітапхана әткізетін іс-шаралар мен жаңалықтар туралы әлеуметтік желілерден біле алады (Фейсбук, ВК пен Твиттер).

РМЭБ және КазНЭБ тәрізді республикалық электронды кітапханалардан бәлек, университеттің пайдаланушылары ресейлік ЭБС «ЛАНЬ» және Polpred.com. БАҚ шолуы базаларына қол жеткізе алады.

10.7. Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы оқыту университеттің ресми сайтының «E-UNIVER» электронды порталы негізінде, «Оқытушы» Ақпараттық жүйесі (АҚ) бәлімінде (білім алушылардың сабақ үлгерімдерін енгізу, контенттерді жүктеу т.б.), «Студент» Ақпараттық жүйесі (АҚ) бәлімінде (чат-сабақтарға, форумдарға қатысу, тест тапсыру т.б.) жүзеге асырылады. Университет білім алушылармен оқытушыларды кез келген жүрген жері мен тәуліктің кез келген уақытында жүйеге қол жеткізумен қамтамасыз етеді.

Білімалушыларға жүйеде пәндер бойынша оқу материалы (контент), сондай-ақ академиялық күнтізбе, жеке жоспар, сабақ кестелері, білімдер мен жетістіктерді бағалау нәтижелері, оқу процесінің жаңалықтары туралы ақпараттар қолжетімді. Жүйе оқыту процесінде оқытушылармен байланыс жасау мүмкіндігін береді.

10.8. Оқу процесін ұйымдастыру туралы толық ақпарат «Платонус» бағдарламасында берілген және университетсайтында білім алушының дербес логині мен паролі арқылы қолжетімді.

Білім алушыларға қолдау кәрсетуді әдвайзер-тәлімгерлер жүргізеді.

10.9. Университет студенттік әзін әзі басқаруды белсенді қолдап, ықпал жасай отырып, оның негізгі мақсаттарын айқындайды:

- студенттерді оқытудың әзекті проблемаларына қатысты мәселелерді шешуге ықпал ету;
- студент жастардың ғылыми әлеуетін дамытуға ықпал ету;
- университет беделін арттыру;
- студенттік ортада саламатты әмір салтын насихаттау;
- студенттердің бос уақыттарын ұйымдастыру;
- студенттердің шығармашылық әлеуеттерін дамыту;
- студенттердің университет әміріне белсенді қатысуын қамтамасыз ету.

10.10. Студенттік әзін әзі басқару жүйесі студенттік парламентпен, Жастар саясаты комитетімен, студенттік декандармен, студенттік жатақхана

тәрағаларымен, студенттік кәсіподақ комитетімен, Қызылорда облысы бойынша Қазақстан студенттері Альянсымен, дебат клубымен т.с.с. берілген.

10.11. Университет басқа жақтан келген білім алушыларды жатақханаларда қолайлы тұру жағдайларымен қамтамасыз етеді. Жатақханаларға орналастыру «Жоғары оқу орындарының білім алушыларына жатақхана беру» мемлекеттік қызмет кәрсету стандарты бойынша, сондай-ақ Жатақханада тұру ережелеріне сәйкес, бекітілген санитарлық нормаларды қадағалау арқылы жүргізіледі. Университет жатақханалары студенттердің тұрмысын ұйымдастыруға және білім алушылардың жан-жақты дамуы үшін барлық қажетті әлеуметтік инфрақұрылыммен жаратқандырылған.

10.12. Университет жанжақты даму мен шығармашылық бастамаларды жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

Университеттің Жастар саясаты жәніндегі комитеті «Студент Жастар Одағы» қоғамдық бірлестігі, «Жас Отан» жастар қанаты, студенттік кәсіподақ комитеті, «Ұлағат ұландары» педагогикалық жасағы, «Ақиқат» дебат клубы, «Dream club» зияткерлік клубы, «Жасыл ел» студенттік жасағы, «Қорқыт жастары» КТК командасы, «Қыз Жібек» клубы, «Зерде» ғылыми-студенттік қоғам, «Қазақстан Студенттерінің Альянсы» студенттік қозғалысының филиалы және басқа тәрізді 20 жастар ұйымдарының жұмыстары үйлестіріліп отырады. Аталған ұйымдар мен бірлестіктер өз қызметін толықтай студент жастардың қоғамдық әмірге белсене араласуына бағыттайды, студенттерді рухани-мәдени, спорттық-сауықтыру, ғылыми-зерттеушілік тұрғыдағы іс-шараларға тартуға ықпал етеді. Студенттік ұйымдар университеттің қоғамдық әміріне қатысуымен бірге, облыс деңгейінде жастар саясатын жүзеге асыруда жетекші роль атақарады. ЖІК-ң басқа жастар ұйымдарымен бірлескен жобаларын жүргізеді: Мысалы, «Жас Отан» жастар қанатымен - «Сәтті қадам» бірлескен жобасы, «Кедергісіз келешек», «Молодежный кадровый резерв»; облыстық ресурстық жастар орталығымен – «В здоровом теле - здоровый дух!» жобасы; Жас ғалымдар Альянсы қоғамдық бірлестігімен жас ғалымдардың облыс жастарымен бірге ғылымды дамыту жәніндегі бірлескен жобасы; «Ақмешіт жастары» облыстық газетімен бірлескен - «Жас кәшбасшылар» жобасы; Н.Бекежановатындағы облыстық драматеатрымен бірлескен - «Студенттік театрды дамыту» жобасы.

Жыл сайын оқу жылының қорытындысы бойынша облыстық кәсіподақ комитетінің қолдауымен университеттің арнаулы қаражаты есебінен оқу озаттарына, университеттің қоғамдық-мәдени әміріне белсене араласқан студенттерге облыстың жазғы лагерлерінде демалыс ұйымдастырылады.

10.13. Университеттің басымдықтарының бірі саламатты әмір салтын қалыптастырып, нығайту болып табылады. Университет ОПК мен білім алушылардың спортпен белсенді айналысуы үшін жағдайлар жасайды: тегін негізде спорттық-сауықтыру секциялары, спорттық және жаттығу залдары жүзу бассейні, кіші футбол ойнауға арналған спорт алаңқайлары. Спорттық іс-шаралар жұмысы ұйымдастырылды. Университет білім алушы-

спортсмендердің халықаралық, республикалық, облыстық спорт жарыстарына қатысуына қолдау жасайды.

10.14. Оқу ресурстарын бәлу, жоспарлау және қамтамасыз ету кезінде университет білім алушылардың түрлі топтарының сұраныстарын ескереді және студентке бағдарланған оқыту беталыстарын назарға алады:

- барлықбілім алушылар үшін ақпараттық ресурстар мен электронды кітапханаға тәулік бойы қолжеткізу қамтамасыз етілген;

- университеттің инфрақұрылымы мен ақпараттық жүйелерінің құрылымы мүмкіндіктері шектеулі білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып жобаланған;

- шетелдік студенттер үшін бейімдеу бағдарламасы жұмыс істейді, ол әлеуметтік-психологиялық және академиялық қолдау іс-шараларының кешенін қамтиды.

10.15. Университет мұқтаж студенттер мен магистранттарға материалдық көмек көрсетуді қамтамасыз етеді: жеңілдіктер, стипендиялар, гранттар, мақсатты материалдық көмек.

10.16. Университет әкімшілік-басқару персоналы мен қолдау қызметі қызметкерлерінің біліктілігі мен кәсібилігін тұрақты арттыруды қамтамасыз етеді.

10.17. Білім алушыларға қызмет көрсету мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі №983 Қаулысымен бекітілген мемлекеттік қызметтер көрсету реестрімен университетте «бір терезе» қағидасымен Студенттерге қызмет көрсету орталығы жұмыс істейді.

Білім алушылар университеттің бас ғимаратында қызмет көрсетулер алады.

11. Ақпараттарды басқару

Шынайы ақпарат шешімдер қабылдауға қажетті шарт болып табылады. Университет өз бағдарламаларын және өз қызметінің басқа да бағыттарын тиімді басқару үшін тиісті ақпараттарды жинау, талдау және пайдалану процедураларын айқындайды. Университет ақпараттардың өлшемділігін, шынайылығын, дәлдігін, дер кезділігін және толықтығын қамтамасыз етеді.

11.1. Сапаны қамтамасыз ету жүйесін бағалау үшін университет келесі әдістер арқылы ақпаратты жинау мен талдауды ұйымдастырады:

- ақпараттық жүйелерді әзірлеу, енгізу және пайдалану;
- мүдделі тараптардың қызмет нәтижелеріне қоятын талаптарын айқындау;
- мүдделі тараптардың университеттің білім беру қызметін көрсетуіне қанағаттанушылығына бағалау жүргізу;
- университеттің сыртқы және ішкі ортасына талдау жасау;
- процестерге ішкі аудиттер.

11.2. Университет ақпараттық жүйелер шеңберінде ақпараттарды басқаруды қамтамасыз етеді:

- университеттің ресми сайты www.korkyt.kz;
- «Platonus» оқу процестерін басқарудың автоматтандырылған ақпараттық жүйесі;
- E-UNIVER электронды порталы;
- университеттің электронды кітапханасы;
- «1С Бухгалтерия» бухгалтерлік есептің автоматтандырылған ақпараттық жүйесі.

11.3. Университеттің сыртқы және ішкі ортасының талдауы университеттің стратегиялық даму жоспарын жасап, әзектендіру аясында жүргізіледі және білім дамуының жаһандық беталыстарын талдау мен сыртқы үндеулерді талдауды, тұтынушылар мен бәсекелестердің негізгі топтарын зерттеуді, еңбек пен білім беру қызметі нарығының ерекшеліктерін айқындауды, сұраныстық параметрлердің беталысына талдауды, университеттің ағымды жағдайына талдауды, оның мықты және әлсіз жақтарын, ішкі және сыртқы тәуекелдерді талдауды қамтиды.

11.4. Ақпараттарды жинау, мониторинг, талдау, алмасу, білім алушылар контингенті туралы статистикалық және анықтамалық есептілікті қалыптастыруды Оқу процесін ұйымдастыру бөлімі жүргізеді.

11.5. Еңбекке орналасу процесіне талдау мен мониторингті Оқу процесін ұйымдастыру бөлімі жүргізеді. Бітірушілердің еңбекке орналасуы мен қызметтік әсуі туралы мәліметтер базасын кафедра қалыптастырады.

Университет түлектердің еңбекке орналасу процесіне қолдау жасау үшін жыл сайын жұмыс берушілердің қатысуымен Бос жұмыс орындарының жәрмеңкесін ұйымдастырады. Бітіртуші кафедралар мен институттар тұрақты негізде түлектермен байланыс жасап отырады және қызметтік әсу туралы мәліметтерді қалыптастырады.

11.6. Мүдделі тараптардың негізгі нәтижелерді күтуге сұраныстары білім саласындағы сыртқы нормативтік құжаттамаларды, бірлескен іс-шаралар (бұйырықтар, семинарлар, кездесулер, бірлескен жобалар т.с.с.) өткізу кезінде кері байланыс нәтижелерін, сауалнамалар нәтижелерін талдау арқылы анықталады.

11.7. Мүдделі тараптардың қанағаттанушылығын бағалау жыл сайын социологиялық зерттеулер жоспарлап, өткізу аясында жүргізіліп, мыналарды қамтиды:

- университет жатақханаларында тұратын студенттердің әлеуметтік-тұрмыстық және моралдық-психологиялық ахуалын анықтау жөнінде студенттерге жыл сайын салуалнама жүргізу;
- білім алушылар арасында тұлғалық даму мен тәрбиеге жағдай жасау жөнінде студенттердің қанағаттанушылық деңгейін анықтау мақсатында жыл сайын салуалнама жүргізу;

- «Таза сессия» акциясының шеңберінде қысқы және жазғы сессияларды ұйымдастырып, өткізу жөнінде студенттердің пікірлеріне жыл сайын салуалнама жүргізу;

- білім алушылар арасында студенттік асханалардың жұмысына қанағаттанушылықты анықтау мақсатында жыл сайын салуалнама жүргізу;

- студенттер, магистранттар мен докторанттар арасында оқыту нәтижелеріне қанағаттанушылық деңгейін анықтау мақсатында жыл сайын салуалнама жүргізу (жылына екі рет);

- университет ОПҚ арасында жұмыс жағдайларына, біліктілік жоғарылату жүйесінің ерекшеліктеріне, ақпараттық қызметтер т.б. көрсетуге ОПҚ қанағаттанушылық деңгейін анықтау мақсатында жыл сайын салуалнама жүргізу;

- ОПҚ мен білім алушылар арасында университет оқытушылары мен студенттердің жоо-ғы ғылыми-зерттеу жұмысының ұйымдастырылуына қанағаттанушылықтарын анықтау мақсатында жыл сайын салуалнама жүргізу;

- білім алушылар арасында «Оқытушы студенттердің көзімен» тақырыбына салуалнама жүргізу.

11.8. Тұтынушылық мониторингі процесінде күтілетін сапаға және іс жүзіндегі қанағаттанушылыққа сенімді әлшем жүргізуді қамтамасыз ететін социологиялық әдістер қолданылады: құжаттар талдауы, білім беру процесіне қатысушылармен сұхбат, жаппай және сараптық сұраулар, салуалнамалар.

11.9. Социологиялық зерттеулердің нәтижелері аппарат мәжілісінде қаралады, онда түзетуші іс-шаралар туралы шешімдер қабылданады.

Университет білімдегі сапаны қамтамасыз етуге қатысты аспектілер бойынша түрлі басқару деңгейлері, құрылымдық бөлімшелер, ОПҚ арасында ақпараттар алмасудың тиісті процестерін қолдануды қамтамасыз етеді. Мұндай процестерге сайтты және оның ақпараттық жүйелерін ұстау, электронды поштаның жұмыс істеуі, ақпараттарды АЖО арқылы беру жатады.

11.10. Ақпараттарды талдау барысында қабылданған шешімдер стратегиялық құжаттарда, құрылымдық бөлімшелер мен алқалық органдардың мәжіліс хаттамаларында, сондай-ақ қызмет бағыттары бойынша іс-шаралар жоспарларында көрсетіледі.

11.11. Ақпараттардың сақталуы ақпараттық жүйелерде қолданылатын рольдер мен атқаратын міндеттерді біркәнді бөлумен, антивирустық бағдарламалардың болуымен, серверлерді жүйелік басқарумен, серверлердегі резервтік көшірмелеу жүйесімен, серверлері бар жайларға жеке адамдардың келуін шектеумен, қауіпсіз жұмыс істеуді қамтамасыз ету үшін серверлері бар жайларды техникалық жарактандырумен қамтамасыз етіледі.

12. Қоғамды ақпараттандыру

Университет өз қызметі туралы ақпараттарды,оның ішінде білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру туралы жариялап отырады. Көпшілікке ұсынылатын ақпарат анық, дәл, объективті, өзекті және қолжетімді болады.

12.1. Университеттің ақпараттық саясаты мыналарға бағытталған:

- оқиғалар мен жетістіктер туралы жаңалықтардың бұхаралық ақпарат құралдарында маңызды тұрақты ақпараттық ағынын қамтамасыз етуге;
- әлеуетті тұтынушылардың жаңа бағдарламалар мен ғалымдардың инновациялық әзірленімдеріне қызығушылығын туғызу;
- ел мен жоғары және жоо кейінгі білім беру жүйесінің ұлттық даму бағдарламаларын қолдау және түсіндіру.

12.2. Ақпараттық саясатты жүзеге асыруды университеттің Баспасөз орталығы қамтамасыз етеді.

Университет өз қызметі туралы көпшілікті хабардар етуді www.korkyt.kz ресми сайты, жергілікті және республикалық БАҚ, «Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Халық», «Ел тілегі» мерзімді басылымдары, «Qazaqstan-Qyzylorda», «ҚоғамТВ» телеарналарында облыстық телевизиялық бағдарламалар, «Сыр түлегі» университет газеті және «Қорқыт Ата атындағы ҚМУ Хабаршысы» ғылыми журналы, «ВКонтакте», «Facebook», «Instagram» т.б. әлеуметтік желілер арқылы қамтамасыз етеді.

12.3. Ақпараттандырудың әмбебап құралы университеттің бағдарламалық қамтамасыз ету бөлімі әзірлеген «E-univer» электронды университет жүйесі болып табылады. Ол келесі ақпараттарды қамтиды:

- «Басты бет» - оқиғалар мен іс-шаралар туралы соңғы жаңалықтар мен ақпараттар болады;
- «Студент» - оқу процесі туралы мәліметтері, оқу жағының бөлімі мен тіркеуші офисі туралы мәліметтері болады;
- «Оқытушы» - университет оқытушылары туралы ақпараттары болады;
- «Кафедра» - кафедралар туралы мәліметтер беріледі;
- «Деканат» - университеттің директораттары туралы ақпараттары болады;
- «Ректор блогы» - университет ректорының жеке блогы, онда әр ниет білдіруші шағым, сұраныс немесе ұсынысы т.б. қалдыра алады.

«E-univer» электронды университет жүйесінің басты бетінде «Ректор блогы» және проректорлардың блогтары жұмыс істейді, олар жоо студенттері мен олардың ата-аналарына, оқытушыларға, жұмыс берушілерге, көпшілікке жоо басшылығымен кері байланыс жүргізуге мүмкіндік жасайды.

Жоғары оқу орнына қабылдау ережелері туралы ақпарат та «E-univer» электронды университеттің ақпараттық жүйесінде («Талапкер» бөлімінде), сондай-ақ №5 оқу ғимаратының аумағындағы безендірілген Талапкерлер тақтасында орналастырылады. Бұдан басқа, оқуға қабылдау науқанын өткізу туралы ақпарат бұхаралық ақпарат құралдарында

«Кызылординские вести», «Сыр бойы», «Ақмешіт апталығы» газеттерінде және «Qyzylorda», «ҚоғамТВ» телеарналарында беріледі.

Жүзеге асырылатын бағдарламалар туралы ақпарат ресми сайтта «Оқу» бөлімінде берілген.

12.4. Оқу процесін, білімді бағалауды, өту балдарын, қосымша қызметтер көрсетуді ұсынуды регламенттейтін нормативтік құжаттар университеттің ресми сайтында «Оқу» бөлімінде, «Нормативтік құжаттар» сілтемесімен беріледі.

12.5. Мәліметтер базасын жинау, әңдеу, сақтау және тиімді пайдалану мақсатында университетте АЖО (автоматтандырылған жұмыс орны) жүйесі жасалып, енгізілді, оның қызметін «E-Univer» (<http://e-univer.korkyt.kz/default.aspx>) жүйесі атқарады. Жүйеде электронды құжат айналымы, ректор блогы, мемлекеттік қызметтер көрсету, бөлімше басшыларының блогтары, «Деканат» АЖ, «Кафедра» АЖ, «Оқытушы» АЖ, «Студент» АЖ, «Талапкер» АЖ, «Электронды кітапхана», «Ашық білім ресурсы» тәрізді бөлімдер бар.

12.6. Сайттағы ақпарат мезгіл-мезгіл жаңартылады және пайдаланушылардың топтарына: талапкерлер, білім алушылар, академиялық құрам, әкімшілік-басқару персоналына бағдарланған.

12.7. Ақпараттық сайтты IT технологиялар департаменті басқарады. Тұтынушылар мен басқа да мүдделі тараптардың сенімін кепілдендіретін ақпараттық қауіпсіздік рольдер негізінде, серверді жүйелік басқару, тұрақты көшірмелеу жүйесі, серверлері бар жайларға жеке адамдардың кіруін шектеу арқылы қамтамасыз етіледі.

Сайтты басқарудың тиімділігі білім беру мекемелерінің іздестіру жүйелері мен халықаралық рейтингтер көрсеткіштерін жүйелі түрде мониторингтеу арқылы анықталады.

12.8. Университеттің өз телестудиясы бар, жаңалық оқиғалар күнделікті университет сайтында және ай сайын «Сыр түлегі» университет газетінде беріледі.

12.9. Ғылыми зерттеулерді жариялау «Қорқыт Ата атындағы ҚУ Хабаршысы» баспа журналын шығару арқылы қамтамасыз етіледі.

12.10. Ақпараттық саясат қызмет нәтижелері туралы көпшіліктің: студенттер, ата-аналар, жұмыс берушілер, әлеуметтік серіктестер және басқа мүдделі тұлғалар алдында университет ректорының жыл сайын есеп беруін қамтиды.

13. Бағдарламаларды тұрақты мониторингтеу және мезгіл-мезгіл бағалау

Университет білім бағдарламалары өз мақсатына жетіп, білім алушылар мен қоғамның сұраныстарына жауап беруін кепілдендіру үшін оларды мониторингтеу, мезгіл-мезгіл бағалап отыру және қайта қару процедураларын айқындап, рет-ретімен қолданады. Университет білім

алушылар, жұмыс берушілер мен басқа да стейкхолдерлердің бағдарламаларды бағалап, қайта қарауға қатысуын қамтамасыз етеді. Университет осы процестердің нәтижелері бағдарламаларды үнемі жетілдіріп отыруға пайдаланылатына кепілдік береді. Университет барлық өзгертулердің жариялануын қамтамасыз етеді.

13.1. Білім беру бағдарламаларының сапасын жетілдіру және қамтамасыз ету мақсатында жұмыс берушілердің қатысуымен әзірленген бағдарламалардың еңбек нарығының сұраныстарына сәйкестігіне, білім беру технологияларын, оның ішінде білім алушылардың жетістіктерін бағалау технологияларын пайдалануға, сондай-ақ осы бағдарламаның әзектілігін ескере отырып мониторинг, сыни талдау және сараптама жүргізіледі.

13.2. Университетпен білім беру бағдарламаларын мониторингтеу, талдау және қайта қарау тәртібі айқындалған. Аталған процедуралардың негіздемесі болып табылатындар:

- мамандық бойынша жаңа жұмыстық оқу жоспарларын бекіту;
- жаңа кәсіби стандарттарды іске енгізу;
- жұмысберушілердің сауалнама не бітіртуші кафедрамен бірлесіп іс-шаралар жүргізу нәтижелері бойынша қалыптасқан ұсыныстары;
- МАК төрағаларының ұсынымдары;
- университет ОПҚ-ң арнайы ғылымдар мен заманауи педагогикалық зерттеулер саласындағы ғылыми-зерттеу қызметтерінің нәтижелері;
- білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қойылатын нормативтік талаптардың өзгеруі.

13.3. Білім беру бағдарламаларын жетілдіру қамтиды:

13.3.1. Әдістемелік қамтамасыз етуге даярлау бағыттары бойынша кафедралар, Академиялық кеңестер, Институт кеңесі, Академиялық саясат Департаменті, жоо-ң Ғылыми кеңесі деңгейінде жыл сайынғы сараптама.

Сараптама жүргізуге тартылады:

- жұмыс берушілер, стратегиялық серіктестер, олар білім беру бағдарламаларының күтілетін оқу нәтижелері кәсіби стандарттар талаптарына және салалық біліктілік шеңберлеріне сәйкес келуін бағалайды;
- білім беру қызметін тікелей тұтынушылар болып табылатын білім алушылар (студенттер, магистранттар, докторанттар) немесе бітірушілер;
- білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысқан оқытушы-профессор құрамы.

Білім беру бағдарламасы ішкі және сыртқы сараптамадан өтуі тиіс. Ішкі сараптаманы мамандар даярлау бағыттары бойынша Академиялық кеңестер, жетекші оқытушы-профессор құрамы, білім алушылар жүргізеді. Сыртқы сараптаманы – Қауымдастықтар, аймақтың білім ұйымдарының, бизнес-құрылымдардың, басқа жоо-ң әкілдері, жұмыс берушілер, стратегиялық серіктестер.

Білім беру бағдарламасын сараптау кезінде білім беру бағдарламасының әзектілігі, білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне жету,

білім беру бағдарламасының толықтығы мен құрылу қисыны, білім алушылардың оқыту нәтижелеріне жетуі және олардың кәсіби стандарттардың талаптарына сәйкес келуі бағаланады.

Сараптама білім беру бағдарламасы компоненттерінің сапасын оның өзара келісімділігімен – оны мақсаты, мазмұны, оқыту және сабақ беру әдістері, оқытудың түпкі нәтижелері, оның бекітілген талаптарға сәйкес келуі білім беру бағдарламасы мүдделі тараптардың сұраныстарына қаншалықты жауап беретіндігімен анықталады.

Сараптама кезінде білім беру бағдарламасының білім саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес келуі, білім беру бағдарламасының ғылыми негізделуі арқылы әзектілігі, перспективалары мен оның даму жолдары айқындалады.

Сыртқы және ішкі сараптама нәтижелері бойынша тиісті ұсыныстарымен жазбаша сараптық қорытындылар беріледі:

- БББ бекітілсін/мақұлдансын;
- БББ-ын пысықтау жүргізілсін, орындау мерзімін көрсету арқылы.

13.3.2. Жұмыс берушілерді тарту арқылы элективті пәндер каталогын жыл сайын талдау және кеңейту.

13.3.3. Стейкхолдерлермен білім беру бағдарламаларын жетілдіруге бағытталған кері байланысты ұстау (дөңгелек үстелдер, әндірістік іс-тәжірибелер бойынша қорытынды конференциялар, бірлескен ғылыми-әдістемелік семинарлар, білім беру бағдарламаларының таныстырылымы).

13.3.4. Білім беру бағдарламаларын Академиялық саясат департаменті деңгейінде мониторингтеу.

13.3.5. Білім беру бағдарламаларының сапасын негізгі стейкхолдерлермен бағалау:

- білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруға қатысатын ОПҚ-н педагогикалық қызметін білім алушылардың әр академиялық кезеңнен кейін бағалауы;

- білім беру бағдарламаларының сапасы, оқу ортасы мен қолдау көрсету қызметтері туралы бітірушілерге жыл сайын сауалнама жүргізу;

- бітірушілерді даярлау сапасы туралы жұмыс берушілерге сауалнама жүргізу (екі жылда бір рет);

- еңбекке орналасу нәтижелерін жыл сайын жинау және талдау, түлектердің қызметте әсуіне талдау жасау;

- ОПҚ-ң ашық сабақтары мен өзара сабаққа қатысуларын ұйымдастыру.

13.3.6. Білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалау:

- аралық бақылаудан кейін сабақ үлгерімі туралы ақпараттарды жинау және талдау;

- аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелерін талдау;

- сабақ үлгерімі нәтижелерін алқалық органдардың мәжілісінде қарау;

- білім алушыларды даярлау сапасына МАК жұмысы шеңберінде талдау жасау.

Оқу нәтижелерін талдау кезінде: бағалау критерийлері күтілетін оқу нәтижелеріне сәйкес келуі, бағалау материалының мазмұны пәннің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келуі, бағалау процедурасының тиімділігі.

13.3.7. Білім беру бағдарламаларының сапасын жоспарлау, ұйымдастыру, мониторингі мен дамыту бекітілген талаптарға сәйкестігін анықтау үшін жыл сайынғы ішкі аудиттер.

13.3.8. Сапанықамтамасыз етудің сыртқы процедураларының нәтижелерін талдау.

13.3.9. Білім беру бағдарламаларын бағалау мен мониторингтеудің жалпы нәтижелерін қарау, Академиялық мәселелер департаменті жанындағы даярлау бағыттары бойынша Академиялық кеңестер қызметін жақсарту шараларын әзірлеу.

13.3.10. Білім беру бағдарламаларын бағалау, жетілдіру мен мониторингі процесі институтдиректоры/факультетдеканының жауапкершілік саласы болып табылады және Академиялық мәселелер департаментімен бақыланады. Білім беру бағдарламалары өзгеруінің құжаттамалық дәлелдемелері болып табылады:

- алқалық органдардың шешімдері;
- білім беру бағдарламаларын жетілдірудің іс-шаралар жоспарлары;
- алқалық органдардың шешімдері негізінде жаңартылған әдістемелік қамтамасыз ету;
- іс-шаралардың хаттамалары;
- білім беру бағдарламаларын бағалау мен мониторингтеу нәтижелері туралы Академиялық кеңестің жыл сайынғы баяндамасы.

13.4. Білім беру бағдарламаларын бағалау мен мониторингтеу нәтижелері туралы Академиялық кеңестің баяндау әткізуінің негізгі мақсаттары болып табылатындар:

- білім беру бағдарламаларын бағалауға және оны жетілдіруге ықпал ету;
- білім беру бағдарламаларына қойылатын сыртқы талаптардың өзгерісі туралы хабарлау;
- білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын басқа ұйымдармен идеялармен алмасуды қолдау;
- қазақстандық және шетелдік жоо-ң білім беру бағдарламаларымен мазмұнның үйлесуі;
- білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын ОПК-ң біліктілік жоғарылату бағыттарын айқындау;
- сапанықамтамасыз етудің сыртқы процедураларынан өту жәніндегі ұсынымдар;
- білім беру бағдарламаларын дамыту үшін стейкхолдерлермен кері байланыс жасау түрлері мен мазмұндарын айқындау;
- неғұрлым кеңінен тарату үшін озық тәжірибе мысалдарын айқындау.

Университет сапаны сыртқы қамтамасыз ету процедураларына түрлі форматтарда үнемі қатысып отырады. Университет сыртқы бағалау нәтижелерімен көпшілікті хабардар етуге кепілдік береді және оларды білім беру бағдарламалары мен барлық қызмет түрлерін жетілдіруге пайдалануды қамтамасыз етеді.

14.1. Университет сапаны сыртқы қамтамасыз ету процедураларына түрлі форматтарда үнемі қатысып отырады:

- лицензиялау;
- оқудағы жетістіктерді сыртқы бағалау;
- институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу;
- жоо-ң институционалдық рейтингісі және білім беру бағдарламаларының рейтингісі.

Сапаны сыртқы қамтамасыз ету процедуралары университет ішінде сапаны қамтамасыз ету процестерінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Олар даму және жаңа мүмкіндіктерді жүзеге асыру катализаторлары болып табылады.

14.2. Сапаны сыртқы қамтамасыз ету процедуралары келесі іс-қимылдар алгоритмі арқылы жүзеге асады:

- сыртқы бағалау процедурасынан өту туралы университет басшылығымен шешім қабылдау;
- сыртқы бағалауға дайындалу туралы бұйрық шығару;
- сыртқы бағалау процедурасын ұйымдастыру және өзін-өзі бағалау жүргізуге арналған жұмыстық топ қалыптастыру;
- сыртқы бағалау процедурасының талаптарына сәйкес келуі бойынша қызметке өзін-өзі талдау және өзін-өзі бағалау жүргізу;
- өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша есептер қалыптастыру;
- сыртқы бағалау процедурасын ұйымдастыру.

14.3. Сапаны сыртқы қамтамасыз етудің әр процедурасы аяқталғаннан кейін университет қамтамасыз етудің үздіксіз процесін ұстай отырып, қызметті жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеп, жүзеге асырады.

Университет сапаны сыртқы қамтамасыз етудің соңғы процедурасы кезінде қол жеткізілген прогрестің келесі процедураға дайындалған кезде назарға алынуына ұмтылады.

14.4. Университет білім беру бағдарламаларын аккредиттеу процедураларын, оның ішінде халықаралық деңгейде тұрақты жүргізеді.

14.5. Сапаны сыртқы қамтамасыз ету процедураларының нәтижелері университеттің ресми сайтында орналастырылады

